**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы 9-10 қыркүйектегі Австрия Республикасына сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 382-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы 9-10 қыркүйектегі Австрия Республикасына сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-австрия ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы 9-10 қыркүйектегі Австрия Республикасына сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі тиісті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Жоспардың іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министрдің міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 28 желтоқсандағы
N 382-ө өкімімен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы 9-10 қыркүйектегі Австрия Республикасына сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ**

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Мынадай халықаралық шарттардың күшіне енуі жөніндегі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу: | | |
| | 1) Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенция; | 2005 жылдың IV тоқсаны | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |
| | 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Үкіметі арасындағы Экономикалық, ауыл шаруашылығы, табиғат қорғаушылық өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық туралы келісім; | --//-- | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| | 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шарт ұйымының Дайындық комиссиясы арасындағы ЯСЖТШ-ны қолдаудағы, сертификаттаудан кейінгі іс-шараларды қоса алғанда, халықаралық мониторинг объектілеріндегі іс-шараларды жүргізу туралы келісім. | --//-- | Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 2. | Мынадай халықаралық шарттардың жобаларын қол қоюға дайындауды аяқтау: | 2005 жылдың II тоқ- | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара қорғауды көтермелеу туралы келісім; | саны | |
| | 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім. | --//-- | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі |
| 3. | Австрия Республикасының Федералдық Экономикалық палатасының Қазақстан Республикасындағы өкілдігін ашу туралы мәселені пысықтау | 2005 жылдың II тоқсаны | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| 4. | Австрия тарабымен ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі нақты ұсыныстарды пысықтау және енгізу: | | |
| | 1) Мынадай салаларда бірлескен кәсіпорындар құру, инвестициялар мен жаңа технологияларды тарту: | 2005 жылдың II тоқсаны | |
| | мұнай-газ жабдықтарын жасап шығару; электротехникалық жабдықтарды жасап шығару; құрылыс материалдарын жасап шығару; | | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| | ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу; | | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| | дәрілік препараттар өндірісі; | | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| | биотехнологиялар; | | Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мұнай-химия. | | Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| | 2) Қазақстанда инновациялық инфрақұрылымды құруға австрия тарапынан жәрдем көрсету (технопарктер, ғылым қалашықтары, технополистер). | 2005 жыл барысында | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 5. | Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы тұрақты әуе қатынасын қайта бастау туралы мәселені пысықтау | 2005 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі |
| 6. | Австрия Республикасының Федералдық Президенті Х. Фишердің Қазақстан Республикасына сапарын өткізу туралы мәселені пысықтау | 2005 жыл барысында | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| 7. | Қазақстан-австрия сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының 1-ші отырысын өткізу туралы мәселені пысықтау | 2005 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК